

Жеңіске тек өзіне сенген адам жетеі

Варыз



Газет 2009 жылдың наурыз айынан бастап шығады

АЛҒАШҚЫ АРМАНЫҢЫЗ?

Мен, 1959 жылы бірінші қаңтарда Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ойық ауылында көпбалалы (алты ұл және төрт қызбала) отбасында дүниеге келдім. Отбасында алдымда апкем және ағам болды, мен үшінші перзент едім. Мектепті Сарысу ауданындағы Жайлау көл ауылындағы А.А.Жданов (қазіргі «Жайлау көл») атындағы орта мектебінде оқыдым. Ауыл мектебінде қосымша дамыту орталығы, өнер мектебі болмаса да, бір-бірімізге бауырмашыл, бір ауылданбыз деген сүйіспеншілік сезіммен өстік. Бірінші сыныптан бастап мені баянда ойнайтын Рахыжан Әміров ағайым дауысымды ұнатып, ән айтуға қосты. 1971 жылы қазан айында «Жайлау көл кештері» әні шыққан еді, міне сол әуенді орындаған алғашқылардың бірімін. Жетінші сыныпта оқып жүргенімде ауыл жастары арасынан «Жайлау» вокалды-инструменталды аспаптық ансамблі құрылды. Мен мектеп бітіргенше сол ансамбльдің әншісі болдым. «Жайлау көл кештері» әнімен көрші ауылдарға концертке шығып, тұрғындардың сұранысы бойынша осы әнмен кешті көңілді аяқтайтын едік. Ал, балалық арманым дәрігер болу еді.

ӨМІРДЕ ӨЗ ЖОЛЫҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТАПТЫҢЫЗ?

Мектеп бітіргеннен кейін, әкемнің: «әпке-жеденнің қолына барып оқы» деген сөзін тыңдадым. Гурьев педагогикалық институтының «Биология және химия» факультетіне түсіп, сәтті аяқтадым. Мектепте және институтта қоғамдық жұмыстарда белсенді болдым, құрылыс отрядында, ауыл шаруашылық жұмысында, жатақханада студенттік кеңес мүшелігінде, әрі ән айтып өзімді барынша көрсете білдім. Группаның старостасы болдым. Институтта оқып жүргенде «Нефтяник» халық-би ансамбліне, ұлттық және жұппен билеуді үйреніп, бес жыл биші болып қосымша өнер көрсеттік. Облыста өтілген салтанатты және мерекелік кештерге қатысып, талай теледидарға түстік. Студенттік кезең өте қызықты өтті.

Институт бітіргеннен кейін жұмысқа жіберуде таңдау болды: бірі Қызылорда педагогикалық институтына, екіншісі туған жерге бару. Алғашқы еңбек жолымды өзім білім алған «А.А.Жданов» атындағы орта мектебінде жолдасым екеуіміз бірге бастадық. Келесі жылы Свердлов ауданына ауыстым. Әскери борышымды Мәскеу қаласында өтеп қайттым. 1984 жылы мектеп реформасы басталды, содан осы Свердлов (қазіргі Байзақ ауданы) ауданындағы А.С.Пушкина атындағы сегізжылдық мектепте дайындық тобында сабақ бердім, мектеп жұмыс жасап жүріп қоғамдық негізде пионер вожатый, бастауыш комсомол ұйымының ұйымдастырушысы қызметтерін атқардым. Кейіннен Свердлов ауданында аудандық оқушылар мен пионер үйінде әдіскері, директоры болып жұмыс жасадым. Тәуелсіздік алған жылдары Әкімдіктер құрылды. «Свердлов аудандық жастар ісі жөніндегі комитет» бөлімі ашылып төраға болдым. 1994 жылдан ауылды жерлерде әкімдік институты құрылды Жаңа тұрмыс ауылдық округінде әкім болып қызмет атқардым. Тәуелсіздік алған жылдары өте қиын кезең еді. Шаруашылықтар жекеленіп, шаруа қожалықтары, кәсіпкерлік жаңадан бой бере бастады. Сол кезеңде зейнеткерлерге зейнетақысы, бюджеттік мекеме қызметкерлеріне жалақы уақтылы берілмей, азық-түлік, малмен беріп жатқан кезең еді. Қазіргі кездегідей тұрғындарды ақылы қоғамдық жұмысқа тарту, әлеуметтік көмектер беру, оқушылардың мектеп формасын алу үшін қаржы бөлу деген жок еді. Ол кезеңде аман-есен абыроймен өттік. Содан «Жастар ісі спорт және туризм» деген басқарма ашылды, сол мекемеде он жылдан аса басшылық еттім. Бұл салада қиындықтар болды. Себебі қаржы жетіспеушілігі бірінші кезекте, сонан кейін жергілікті жерлерде спорт нұсқаушылары, спорт мектептері болмады. Соған қарамастан аудан спортының дамыту үшін ауылдық, аудандық жарыстар өткізіп. Облыстық жарыстарға қатыстық. Байзақ ауданының білім бөліміне екі жылдан аса басшылық еттім. **Білім саласы тынымсыз еңбекті, жауапкершілікті, уақытпен санаспауды талап етеді. білім саласы бюджеттің 70 пайызын алады. Бірақта көпшілік оның неге жұмсалатынына мән бермейді. Аудан, облыс басшылары қаржы беріп жатырмыз деп құтылады. Бюджеттен бөлінген қаржының 65-75 пайызы салық, зейнетақы қорларына, мекеме ғимаратының коммуналдық (свет, су, жылу т.б.) қажеттіліктеріне жұмсалады. Ата-аналардың, қоғам белсенділерінің көпшілігінің айтатыны бөлінген миллиардтар қайда кетіп жатыр дейді? Сонда мектептің қажеттілігіне 3-5 пайызы ғана қалады. Ол мектептің қажеттілігін өтей алмайды. Білім мекемелеріне бюджет есебінен парта, стол, орындықтар және жаңа модернизациялық кабинеттер алынуа. Ол барлық мектепке жетіспейді мектепке әсергенше алдындағы алынған мүліктердің мерзімі өтеді. Осы жерде тағы айта кететін мәселе білім мекемелерінің жас басына шаққанда қаржыландыруға өтуі. Бүгінгі күні жоғарыдан қанша айтылса да мектептерге бухгалтерия ашу дербес қаржыландыру болмай жатыр. Жергілікті басшылық әлі де білікті ұястарынан шығарғысы келмейді. Мектепте қаржылық дербес болмай қызығушылық болмайды. Себебі мектептің материалдық-техникалық жағдайы жас басына шаққанда ғана оңалады. Жаңа әлемдегі – Қазақстан деп. Президентіміз К.К.Тоқаев айтқанымен өзгерістер мен жаңалықтарға әлі тұсау қойылуа.**

Бала өскеннен кейін тұрақталу кезеңіне жеттік, 2011 жылдың 2 қыркүйегінен бастап Тараз қаласындағы №44 Шона Смаханұлы атындағы орта мектепте басшылық еттім. Сіңірген еңбектің, қойылған талаптың арқасында бүгінгі күні абыроймен зейнетке шықтым.

Жүрек жарды сөз:

«Басшы – үлгілі, әрі көшбасшы болуы керек!»

ӨЗІН-ӨЗІ СӨМДАҒАН ТҰЛҒА

ЖАҚСЫБЕКОВ БАЙМҰРАТ

Зейнеткер ұстаз
Жамбыл облысы, Тараз қаласы

«ҰЛТЫМНЫҢ ҰЛЫМЫН» ДЕП АЙТА АЛАСЫЗ БА?

Әрине, айта аламын. Қазандағы судың оты лапылдап жанса, сыртына шығып тасиды, ал жәймен жанса ұзақ уақыт шымырлап қайнайтыны шындық. Айтпағым осы басшылық қызметте ұзақ отырудың қағидасы: аспау, таспау, бетегеден биік, жусаннан аласа болуды қажет етеді. Зейнет жасына жеткенде өткенге талдау жасайсың, Байзақ ауданына отыз жылдай басшылық қызметте болып-пын. Ұжым адамды тұлға етеді. Ұлтымның ұлы — Басшылық ету оңай емес, бұрын тыңдайтын, сыйлайтын, ал қазір талапқа бағынғысы келмейді, білмеседе мойындамайды. Соған шыдам мен білім керек. Басшы өтірік айтпауды нақты нысанада ұстауы керек. Зейнеткерлікке шығарда

құжат дайындап жүріп, өткен жолыңды бір саралап өтеді екенсің. Бәріне ризамын, әр ұжымда бірлікте, сыйластықта еңбек еттік. Ұстаздық, басшылық еңбегін әр кез еленеді. Еңбекте Сайлау науқанына қатысқаным үшін, Президенттің алғыс хаты, жыл сайын алатын Облыс әкімінің, маслихаттың мақтау алғыс хаттары жетерлік. Төс белгілер «Қазақстан маслихатының 20 жылдығы», «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы», «Ұлағатты ұстаз» медалі берілді. Басшы ретінде ұсыныс: «Білім министрлігінен әр мектепке жылына бір алғыс хат беруді қолға алса» дер едім. Білім министрлігінің жақсы жағы көп те, сараңдық жағын жөндесе деймін.

ӨМІРГЕ ӨЗ СЫЙЫҢЫЗДЫ БЕРЕ АЛДЫҢЫЗ БА?

Адам боп келдім өмірге, Адам боп кету тілегім, Бәріне соны тіледім! деп Жәнібек Кәрменов жырлағандай, бәріне зейнеткерлік жасқа аман есен жетуді тілер едім. Зейнеткерлікке жеткенде адам кінәмшіл болуы мүмкін, бірақ қолынан еш нәрсе келмейді дегенді білдірмейді. Тыңдайтын

құлақ болса, сұрайтын адам болса ақыл кеңес беруге дайынмын. Отбасылық оқу орталығымыз бар Соны жетілдіруді жаңаша үрдісте жұмыс жасауды қолға алсам деймін. Әр атаның ішкі арманы: «зейнетке шыққанда немерелерді әр түрлі үйірге апару».

КҮШ БЕРЕТІН ҚҰДІРЕТ

Күш беретін әрине өзіне деген сенім, содан кейін қолдау көрсететін тату отбасың. Әкеміз Божбанов Жақсыбек соғысқа қатысқан, ардагер. Көп жылдар сарысу ауданындағы Сарысу совхозының бас экономисті болған. Анам Күлдарига Рахметілдақызы - бала тәрбиесі және қонақ күтумен қолы тимейтін. Шаңырақты жиырма жасымда көтердім. Жұбайым Қосымбаева Күләнда Сүндетқызымен бір мамандықта оқыдық, бір ұлды болдық, денсаулығына байланысты бес жылдан кейін жан-жарым бақылық болды. Екінші зайыбымның есімі Айнагүл мамандығы технолог. Екеуіміз ұлымыз Серік пен Нурикамал қызымызды тәрбиелеп жеткіздік. Ұлымыз Серік құрылыс саласында жеке кәсіпкер, үйленген үш немереміз бар, бірге тұрамыз, Келіміз Аида кәсіпкерлікпен айналысып жүр. Айнагүл зайыбым, қазір зейнетке шыққан, немере тәрбиесіне көңіл бөледі.

Қызымыз Нурикамал – қазақ-түрік колледжінде аудармашы мамандығын бітіріп, қазір Абылай хан атындағы университетте оқиды. Шаршаған немесе жұмыста кедергілер туындаған кезде ән айтып, би билеп, табиғатқа шығып демалғанды жақсы көремін. Мұғалімдермен дуэт, триоға қосылып әндер шыраймын. Қалалық мұғалімдер арасындағы шығармашылық байқауларға қатысып, отырыстарда ән шықпап, еркін босанды қолға аламын.

ӨЗГЕДЕН ТАБЫЛМАЙТЫН ӨЗ МІНЕЗІМ

Халықпен жұмыс істегеннен кейін сенің мінезіңе ешкім қарамайды. Жағдайға қарай икемді бола білуде, мінезді басқара алу керек. Шындықты бетке айтатын, тік мінезім де бар. Басшы болған соң тәртіпті өзіңнен көрсетесің, мінезінді ақылға жеңдіруді қолға аласың. Мінезді қай жерде көрсетесің өз қағидаң іске аспағанда, мен уақытты қатты бағалаймын.

ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКІЗГЕН ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК

Жетістік әр жұмысымда көрінді. Жұмыста нәтижеге жетуді көздеп барып, кірісуді қолға алатынмын. «аудандық оқушылар мен пионерлер» үйінде басшылық жүргенде жасып белсендімін, сол оқушылармен қырықтан аса үйірме бар, солардың жұмысынан көрмелер ұйымдастырып, кез-келген мерекеді пионер оқушылар хорымен ашып,балалардан дәліз құратын. Түрлі жарысқа апаратынбыз (фотостудия, қол өнер, халықаралық достық клуб және т.б.) сол балалар қазір танып: «Бізбен тауға шығып, жарысқа апарушы едіңіз» деп күлімсірей еске түсіреді. «Жастар ісі, спорт және туризм» басшылығына келгенде, спорттың он төрт түрі бар, әр саланы зерттеп шықтым. Командалық есепте облыста соңында болған едік. Әр жарысқа барарда қыр-сырын меңгеріп, нәтижеге біртіндеп жоғарылай, он жылда бәрінен алдыңғы бас жүлдені бағындыра алдық. Кейіннен ат федерациясынан «Көкпар» командаларын құрдық. Қазандықтар құрып әр ауылда, ат жарысын өткіздік. Аудандық жарыс облыстық жарыстай саналды. Басшылықта жұмыстың кілтін тауып жұмыс істете алу өнерің шеберлікке жеттім десем артық айтқандық емес.

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ


Мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы Күнімен құттықтаймыз! Ата заңымыз еліміздің барлық жетістіктерінің бастауы, құқық теңдігі мен мүмкіндік есігі. Біздің басты құндылығымыз – Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілейміз. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!



ПОЗДРАВЛЯЕМ ВАС С ДНЕМ КОНСТИТУЦИИ!

Хотим пожелать в этот праздничный день хорошего отдыха в кругу друзей и близких, положительных эмоций, приятных новостей и новых возможностей! Пусть из года в год крепнут наши главные ценности – Независимость, Единство и Стабильность. Здоровья вам и вашим близким, мира и благополучия нашему общему дому!

КРЕДИТКЕ ТӘУЕЛДІЛІК



Несие алу кезінде адам қандай эмоцияны сезінеді? Неліктен? Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, мега-полустік қалада бір миллионнан астам тұрғынның белсенді несиелері бар, екені жарияланды.

Несиеге адам көбіне үлкен үміт артады. Төлей аламы ба? - деген ой қорқынышы да болады. Соңғы уақытта «кредитомания» деген ауруға тәуелділік жиі байқалады. Адам кейде бейсаналық түрде несиеде өмір сүреді, өйткені банкпен қандай да бір байланыс қажет, оған үнемі толқу қажет: төлем жинауға уақыт бар ма, жоқ па, - деген талдау жасауды қажет етеді.

Сарапшы атап өткендей, кредитоманиядан психотерапия көмегімен де құтылу керек. "Егер де, сіз несиемен тым көп алғаныңызды түсінсеңіз, бұл туралы көп уайымдап, алаңдасаңыз, онда бұл қауіпті белгі", - дейді психолог.

Несие алудан бұрын затты сатып алу

қажеттілігін бағалау керек екенін айтады. Мысалы, сізге телефонның жаңа моделі қажет болғандықтан, сіз оны келесі үш жылға бөліп төлеуге дайынсыз ба? Мүмкін, үнемі несие ала отырып, сіз өзіңіздің ішкі мәселенізден арылуды ойлаңыз.

"Сіз несие алған кезде оны не үшін жұмсағыңыз келетінін түсінуіңіз керек. Сатып алу қажеттілігін сырттай бағалау. Сондай-ақ, сіз шынмен жетіспейтін нәрсені алуға тұрарлық екеніне көз жеткізгенде барып алсаңыз болады. Бәрі сіздің қарым-қатынасыңызға, эмоциялық күйіңізге, жұмысыңызға байланысты ма? Сізге не жетіспейтінін, неге мұндай толқуға мұқтаж екеніңізді және несие алуды түсініңіз. Сіз өзіңіздің әлсіз жағыңызды кәсіби маманмен тауып, жұмыс істеген кезде тұрақты несиеге деген қажеттілік жоғалады", - деген ұсыныс айтады психолог қауымы.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ «ЕЛУ ЖЫЛДА – ЕЛІ ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

«ҚАНДАСТАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҰСЫНУ»

«КЕҢЕС» АЛАҢЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ СІЗДІҢ СҰРАҚТАРЫҢЫЗҒА ЖАУАП БЕРУГЕ, ҚЫЗМЕТТЕР ҰСЫНУҒА ДАЙЫН

Қоғамдық қабылдау бөлмесінде тұрақты негізде қабылдаулар өткізу:

- жұмыссыз қандастарды өтініштері бойынша уақытша және тұрақты жұмысқа орналастыру;
- жеке басты куәландыратын құжаттарды ресімдеуге көмек;
- жоғалған құжаттарды қалпына келтіру (соттылығының жоқтығы туралы анықтама, шетелдік паспорт, кету парағы);
- тұрғылықты еліне келгендерді тұру орнына тіркеу үшін құжаттарды дайындауға көмек;
- әлеуметтік жәрдемақыларды, өтемақыны, алименттерді және басқа да төлемдерді алу, тағы да басқа қызмет ұсыну, кеңестер беру.

ХАБАРЛАСЫП, ҚАЖЕТТІ ҚЫЗМЕТТЕР АЛУ Өтінішті/сұрақты кез келген ыңғайлы тәсілмен жолдауға болады:

ЗАҢҒЕР: ұялы тел. 87473169419, 87054692469; 87009861838.

КАБЫЛДАУ ОРНЫ: Тараз қаласы, Қарахан көшесі №1, Т.Шасаидов көшесі №26 үй

Газеттің өткен N7-санында "Тұтқа тұлға"-айларының «іскер басшы-ұжым ұйтқысы»-бөлімінде М.Әуезов мектебінде оқыды деген сөзді Жамбыл мектебі деп оқуыңызды ұсынамын.

ОҚУҒА ЫҚЫЛАСЫН ОЯТУ

Мектепте сабақ басталмас бұрын, тамыз айында балаңыздың оқуға деген ықыласын бақылап түсіну керек.

Баланың оқуға құлықсыздығы мектепте мұғаліммен қарым-қатынас жасалмауына байланысты болуы мүмкін. Мұғаліммен мәселені пысықтап алып, жанжалдың себептерін түсіну керек.

Балада ішкі реніш, мұғалімнің шешіміне наразылық білдіру немесе тіпті қорқыныш сезінуі мүмкін. Мысалы, мұғалімнен қорқу, әдетте, сәтсіздіктен қорқуды білдіреді. Бұл қосымша дайындық туралы ойланудың белгісі", - дейді психолог қауымы.

Мотивацияның төмендеуінің себептері белгілі бір пәндер бойынша артта қалуы қамтиды Мәселенің тамыры баланы өзгемен үнемі салыстыру, сондай-ақ мадақтаудың жетіспеуі немесе артық болуы мүмкін.

"Егер мадақтау жетіспесе, онда процесс пен нәтиже үшін

мадақтаңыз. Егер де, артық болса-мақтаудан бас тартпаңыз, бірақ назарыңызды табандылыққа, тұрақтылыққа аударған жөн.



Ата – ана тарапынан бақылаудың болмауы, оқушының шектен шығуына, оқуға деген қызығушылығын жоғалтуының тағы бір айқын себебі болып табылады. Бірінші жағдайда, микро деңгейдегі бақылаудан бас тарту, жауапкершілік аймақтарын бөлу керек. Бақылаудың жетіспеушілігімен-көмек ұсыну. "Барлық ересектің бала тәрбиесінде бірыңғай парадигманы ұстануы өте маңызды. Бұл отбасында баланың үлгеріміне қоятын талаптарына да

қатысты", - деп түсіндірді психолог. Ол талаптың аз жиынтығын түзетуге және оны баламен бірге жасауға кеңес берді. Отбасында сенімді атмосфераның болуы академиялық жетістіктерге және сабаққа деген қызығушылыққа тікелей әсер етуі мүмкін, - дейді маман.

КАК ВЕЖЛИВО ЗАКОНЧИТЬ НЕУДОБНЫЙ РАЗГОВОР

Ученые из Гарвардского университета провели два небольших исследования, чтобы узнать разницу между продолжительностью разговоров между двумя людьми и тем, как долго каждый хотел бы, чтобы они длились. Оказалось, не более 2% бесед заканчиваются по обоюдному согласию сторон.

Автор исследований, опубликованного в журнале Proceedings of the National Academy of Sciences of the United States of America, Адам Мастоляни вдохновился на них еще во время учебы в Оксфордском университете, когда надо было ходить на вечеринки и вести унылые беседы, которые никак не можешь закончить.

В первом исследовании 806 участников попросили вспомнить свой последний разговор. Почти 80% оказались беседой с романтическим партнером, другом или членом семьи. Более 66% участников сообщили, что во время их разговора был момент, когда они чувствовали, что он должен был закончиться.

Оказалось, что люди, которые ощущали, что пора заканчивать разговор, но не могли найти вариант, как сделать это вежливо, меньше наслаждались беседой – их восторг от разговора набрал порядка 4,7 баллов из семи. А те, кто просто прервал разговор, были довольны им в среднем на 5,66 из семи баллов.

Второе исследование заключалось в том, что 252 незнакомых человека беседовали под наблюдением ученых в лаборатории. Их разбили на пары и предложили поговорить от одной до 45 минут. Затем ответили в разные комнаты для интервью.

Результаты были почти идентичны итогам первого исследования: более 68% участников сообщили, что во время разговора был момент, когда они хотели бы, чтобы он закончился. Эта группа также меньше наслаждалась своими разговорами.

Участники неправильно оценили желаемую продолжительность разговора своего партнера более чем на 63%. Это показывает, что они почти не имели представления о желаниях своего партнера. По словам Мастоляни, социальная вежливость может

помешать людям выходить из разговоров, когда они этого хотят. «Разговаривать с кем-то – все равно что вести авто по авто-страде. Люди могут повернуть на любом повороте, но не могут остановиться, когда захотят, потому что врежутся в другие машины или стены.

«Если люди смотрят по сторонам, не смотрят на вас или не реагируют на то, что вы говорите, возможно, пришло время закончить разговор», – сказала она.



Жарнама! Кәсіби психологтан кеңес ал!

Егер де, сізде:

- көңіл-күйіңіз жиі түсіп кететін болса,
- ойыңыз шашыраңқы, бір нәрсені соңына дейін ойлай алмасаңыз;
- жаман ойдан арыла алмасаңыз;
- әр нәрседен қорқа берсеңіз;
- жақын адамыңыз түсінібесе;
- не түсінікті бола алмасаңыз;
- қиындық шырғауынан шыға алмасаңыз;

- ашуды басқара алмасаңыз, Психологтан кеңес алуды қолға алып, үйлесімді, икемді өмір сүру ережесін іске қосыңыз:

Байланыс телефоны:
87026975626;
87071461998;
87012815043;
87768730905;
87471813656

1 ҚЫРКҮЙЕК-БІЛІМ КҮНІ

Алғашқы қоңырау соғылатын салтанатты күн!

✓ 1-Сынып бүлдіршіндерінің мектеп табалдырығын аттаған қадамдары құтты болсын!

✓ Мектепті жақсы бітіріп, жоғары оқу орнына түскен түлектер, студент атануларыңызбен! Бүлдіршіндер мен студенттер! Оқуда жақсы көрсеткішпен ата-апаны, әке-шешені қуанта, еркетай елігі, сәуле шашқан арайы болып, сапалы білім нәрін алыңыздар! Тарыдай болып кіріп, таудай болып шығуларыңызға тілектеспіз!

✓ Колледж және университетті сәтті аяқтап, алғаш еңбек жолын бастаған жас мамандар,

кәсіби қадамдарыңыз сәтті басталсын! Кәсіби маман иесі болып, алған білімді тәжірибеде көрсете дәлелдеуді қолға алады деп сенім білдіреміз! Жақсы адам және жақсы маман болу сіздерге нәсіп етсін!

✓ Құрметті ұстаз қауымы, сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз!

✓ Жаңа идеяларды жүзеге асыруда шығармашылық шабыт тілейміз. Ата-ана мен оқушылардың алғысына бөленетін сәтті жыл болсын!



• БИОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӨРІС

ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫРДЫҢ ГОМЕРІ



Жамбыл Жабаев - айтыс ақыны, абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Жамбыл жыры бізді далалық дәстүріміздің жаңа заманға жақсы жарасатын қымбат қасиетті қадірлеуге, қастерлеуге үйрететін үлгі. Жамбыл ақындықтың жаңа көшін бастады. Жыр алыбы, ақын, суырыпсалма ақын, қазақ халқының ұлы перзенті

Өшпейді халық жыры, қартаймайды, Өшеді деп оны ешкім де айтпайды, Халықтың жүрегінің түкпірінен Шырқаған даланы өрлей ақын Абай,

Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын. «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - деген еді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес

өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді.

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне таралды. Жамбыл көзінің тірісінде ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да дақын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлға екенін әйгіледі.

Жамбыл атақты ақын Сүйінбайдың шәкірті болды. Ол көп жылдар бойы ұстазымен бірге жүріп, оның айтысын тыңдап, ақындық шеберліктің тәжірибесін үйренді. Ұстазы оған: «Жақсы сәтте, сәттілік сенімен бірге болсын, ұлым! Адам жадынан шығып кетпейтін, қуана есте сақтайтын өлеңдер шығар, сенің өлеңдеріңе тек санаулы

адамдар ғана емес, бүкіл халық құлақ түрсін. Сенің өлеңдерің кеудеден емес, жүректен шықсын. Шындық туралы айта отырып, әділеттілікті жырла, басқалар салып кеткен жолмен емес, айналада болып жатқандарға қарап, біліп, өз жолыңды тап. Хан қазынасынан гөрі жаның бай болсын», - деп батасын берген.

Ұлы Отан соғысы кезінде Жамбыл өлеңдері қазақ даласынан бастау алып, күллі майданды шарлап, қаншама жас өрендерге рух, жалын, жігер бергені сөзсіз. Бізге танысы, жатталған жырдың бірі – "Ленинградтық өренім" жыры. Өлең тарихы белгілі. Ленинградты қорғаушы бар майдангерлердің құлағында радиодан жатталып, сұрапыл соғыс жылдарындағы ауыр күндерде әр жауынгерге дем берді. Адам санасына психологиялық қолдаудың физиологиялық күштен артық қажет екенін ақын тәжірибесі бірден білсе

керек. Жамбыл Жабаевтың күйлері де бар олар туралы аз зерттелген. «Кедей», «Өтті-ау дәурен» күйін белгілі күйшілер орындайды.

Жамбылдың бейнесі жаңа құрылысты және оның халқын қуана қарсы алған, шығыстың ақсақалы ретінде бейнеленді. Ол еліміздің ең беделді ақынына айналды, ал оның әндері қазақ ауылының жаңа өмірінің бір бөлігі болды. Жамбыл Жабаев Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы облысының Ұзынағаш елді мекені. Шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы, артына баға жетпес асыл мұра қалдырып кеткен жыл алыбы - Жамбыл атамыз.

АДАМНЫҢ ӨЗІН РАСТАЙТЫН ҚҰҚЫҒЫ



Замира Асанова, Маңғыстау обл. Бейнеу ауданы "Үстірт" бөбекжайы ЖБҚ МКҚК Педагог психологы



қандай да бір дәрежеде жауап беруге өзім шешуге құқығым бар.

4. Мен пікірімді өзгертуге құқығым бар.

5. Мен қателесуге және қателіктерім үшін жауап беруге құқығым бар.

6. Мен "білмеймін" деп айтуға құқығым бар.

7. Мен басқаның мейірімділігінен және маған деген көзқарасынан тәуелсіз болуға құқығым бар.

8. Менің қисынсыз шешімдер қабылдауға құқығым бар.

9. Мен: "Мен сені түсінбеймін" деп айтуға құқығым бар.

10. Мен: "Бұл мені қызықтырмайды" деп айтуға құқығым бар.

Американдық психологтар қауымы ассертивті (өзін-өзі растайтын) мінез-құлық моделін жасады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, ассертивті мінез-құлық-тұтас адамның мінез-құлқы. Төменде әркім не болатын ассертивтік құқықтар келтірілген.

1. Мен өз мінез-құлқымды, ойымды және эмоциямды бағалауға және оның салдары үшін жауап беруге құқығым бар.

2. Мен кешірім сұрамауға немесе мінез-құлқымды түсіндіруге құқығым бар.

3. Мен басқа адамның мәселесін шешу үшін мүлдем жауап бермеуге немесе



КАК СТАТЬ СЧАСТЛИВЫМ (притча)

Жил в деревне старик. Он всегда был мрачен, всегда жаловался на судьбу. И чем дольше жил, тем более желчным становился. Люди избегали встреч с ним: его несчастье было заразительным.

Но вот настал день его рождения, старику исполнилось восемьдесят лет. Он выглядел счастливым, не жаловался, не ворчал, а улыбался, смеялся, у него даже

лицо изменилось! Вскоре у его дома собралась вся деревня.

— Что с тобой случилось? — спрашивали люди старика.

— Ничего, — ответил он. — Восемьдесят лет я старался стать счастливым и ничего не вышло. Так что я решил обойтись без счастья — и теперь счастлив!



Әлия АСҚАРОВА, Қызылорда қаласы, Нағима Ахмадиева атындағы №112 орта мектеп

Сіз шыдамдысыз ба? Шыдамды болу үшін қандай дағдыны меңгеру керек? Шыдамды болу арқылы неге қол жеткізуге болады? Осы сұрақтар төңірегінде әңгіме өрбіткелі отырмын.

Қазіргі таңда адам бойында шыдамдылық - сирек кездесетін қасиет. Себебі: адамда міндет тым көп, көп нәрсеге уақыт жеткізе алмай жатады.

Шыдамдылық — қиындық, көңілсіздік мен қайғы-қасірет алдында тыныштықты сақтау қабілеті-оны да дамыту керек. Ғалымдар зерттеуінде науқас адам депрессия мен жағымсыз эмоцияға бейім келеді дей түрін анықтады:

1. Адаммен жағымсыз қарым-қатынаста шыдай білу.

2. Өмірдің қиындығына төтеп беруде жаман деген нәрседен жақсыны табу мүмкіндігі.

3. Күнделікті кездесетін ұсақ-түйек қиындыққа ашуланбай, төтеп бере білу.

Ұсақ-түйек туралы аз уайымдау үшін не істеу керек?

1. Неге алаңдайсыз, соның мағынасы бар-жоғын ойланңыз.

Ағза қауіпті жағдайға "соққы немесе жүгіру" реакциясымен жауап береді. "Тітіркену-бұл "соққы" жауабының бір нұсқасы", - деп түсіндіреді шыдамдылық күші" кітабының авторы М. Дж. Райан.

Ежелгі уақытта бұл реакция ата-бабаны жыртықштан

ШЫДАМДЫ БОЛУДЫ МЕҢГЕРУ



құтқарды, бұл қазіргі өмір сүру жағдайына қатысты емес.

Егер де, сіз өзіңізді жақсы ұстағыңыз келсе, сіздің міндетіңіз айырмашылықты көруді үйрену

Мүмкін, сізге кейбір сөз, сурет немесе денедегі сезім қауіп төніп тұрған сияқты", - көрінуі мүмкін. Мәселені ақылмен тұжырымдаған абзал. Мысалы, «Мен бұл кезекте тұра алмаймын» деп кетіп қалу. Сіз соққы немесе жүгіру стрессік реакциясыны тоқтата аласыз. Осы жерде екінші варианты ақылға салу кезекте ұзақ тұру ашу тұдырмас үшін, іштей бекіту сөзін қайталай аламын немесе ғаламтордан оқи алмай жүрген кітапты қарап шығайын. Мен қазір ешқайда асықпаймын".

Идея-жағдайды сырттан және мүмкіндігінше объективті қарауға көмектеседі. Ұзақ уақыт кезекте тұру шынымен жағымсыз ба? Әрине. Бірақ ерте ме, кеш пе, сіз одан өтіп, осы эпизод туралы мәңгі ұмытып кететініңіз анық.

2. Жағдайды кеңірек қарауға үйрену Бэйлор университетінің Психология және нейробиология кафедрасының доценті, Сара Шниткер «Саналы түрде қайта бағалау техникасын қолдануды» ұсынады. Мәні-тітіркендіргіш жағдайға деген көзқарасты өзгерту. Мысалы, сізді ашуландырған әріптесіңізге қарап, дәл осылай қанша адамды мен ашуландырып едім, деп еске түсіріңіз. Бұл әріптеске мейірімділікпен қарауға көмектеседі. - Өзіңізге: "О, бұл жағдай менің жеке өсуіме көмектеседі!"

Екінші әдіс-назардың өзгеруі. Жағдайға кеңірек қарау. Өзіңізге сұрақ қою: бұл жағдайда шыдамдылық пен

құндылық қалай бір-біріне сәйкес келеді? Егерде, балаңызбен қарым-қатынас нашар немесе төмен ата-ана болсаңыз, бұл жағдайды кеңірек қарастыруды сұрап едім. Неліктен, сіз ата-ананың рөлін маңызды деп санайды? Бұл рөл оның өмірінде қандай орын алады?»

Шыдамдылықтың құндылыққа қалай сәйкес келетінін түсінген кезде, күнделікті жағдайда ұстамдылықты сақтап, жаңа мінез-құлық үлгісін қалыптастыру оңайырақ болады.

Осы кезге кенесер 1. Жылдам нәтиже күтпеу Сіз бірден ашуды жеңе алам деп ойланңыз. Мінез-құлық үлгісін қайта құру жаттығуды қажет етеді.

2. Өдетті қайта қарастыру Соққы немесе жүгіру тұзағынан аулақ болуды түсініп, өмірдегі кейбір стрессік жағдайды саналы түрде жоюға немесе азайтуға болады.

3. Шынайы болу-сіз осы немесе басқа жағдайға қанша уақыт кететінін ойламай, мүмкіндікті асыра бағалайсыз", Нақты мақсат қою өте маңызды, себебі: белгілі бір уақыт аралығында қанша нәрсені жасауға болатындығын ескеруге әкеледі.

Сонымен, сіздің жоспар тізіміңізде ертен он әрекет болса, күніне бесеуін ғана орындауды мүмкін болса, онда сіз өзіңізді сәтсіздікке дайындайсыз. Егер де, жоспар дұрыс түсінікті болмаса, онда кез-келген кептелістің арқасында сіз ашуға жол беретін боласыз: "Мен уақытты тездетем алмаймын, басқа адамды да тездетем алмаймын", - Маған байланысты емес нәрсе де бар. Мен басқара алатын жалғыз нәрсе- өз-өзімді басқару.

ӘЛІМЖЕТТІКТІ ТОҚТАТУ



Жаксыбек ЕСІМБЕКОВ,
N22-мектеп
педагог-психологы
Жамбыл облысы,
Тараз қаласы

Әлімжеттік түсінігі жүйелі жүзде бір адамды бірнеше адамның қорлауы, жәбірлеуі. Мектепте осындай әрекетке мұғалім мен ата-ананың: «баланың өзі шешсін» деп сырттай бақылауы, арты өкінішті жайтқа әкелуде. Әлімжеттікте үш фигура бар: бірі-құрбан, екіншісі - қуғыншы, үшінші бақылаушы. Әлімжеттік тарапынан топ мүшесінің біріне агрессия көзқарас. Бұл рөлдер өзгермейді. Жанжал қатысушының бірі адамды өз жағына тартып, қауесек тартып, қоғамдық пікірді басқарып, қудалаумен айналысқан кезде қорқытуға айналуы мүмкін. Әлімжеттік қандай түрлері көрінеді?

- физикалық соққы, ұрып-соғу, жыныстық қудалау және т. б.;



- ауызша, адамды қорлайды, оған дөрекі лақап ат береді;
- әлеуметтік-психологиялық тұрғыда бойкот жариялаған кезде, елемейді, "жалпы сұхбаттан" шығарылады, өсек пен қауесекті таратады, манипуляция жиі кездеседі, мысалы, "әліс" тексеру;
- экономикалық, онда адам ақша талап етеді, "есептегішке" қояды немесе тіпті өз затын алып, оны бұзады;
- интернет арқылы әлеуметтік желілер мен мессенджердің танымалдылығының артуымен пайда болды.

Әлімжеттік жақсы көрініс емес, зорлық-зомбылықтың бір түрі. Бұл адам құқығының елеулі бұзылуы. Егер де, қандай жағдай болмасын баламен ата-ана өзін лайықты ұстай алса, қарсыласқа құрмет көрсетіп, жеке адамға ауыспаса, онда бала жанжалға барабар жауап береді.

Заңда әлімжеттік көрсетілсе, 14 жасқа дейін баланың әке-шешесіне салық салынады. Ал, 14 жасқа толғанда бала өз әрекетіне өзі жауап бере алатындай жазаланатын болады. Әлімжеттіктің құрбандары кімдер деген сұрақ туындайтыны шындық: мазасыз, ұялшақ, сезімтал, түйік және тіпті қарапайым, сенімсіз, бақытсыз, депрессияға түскен, жағымсыз ойға бейім, жалғыз, құрдасы жоқ, сыныпта жалғыз жүретін бала, қатарымен жақсы тіл табыса алмайды, керісінше ересектермен оңай араласады.

Әлімжеттіктің терминге бөлінген түрлері бар: физикалық (итеру, соққы, ұрып-соғу), әлеуметтік (бетпе-бет-тікелей қорлау және елеуі, сырттай-жәбірленушінің қатысуынсыз, қасақана жалған өсек, қауесек тарату, кибербуллингті де қамтиды).

Әлімжеттіктің дәлелі фото немесе видео жазу, куәгердің сөздері болуы мүмкін. Қудалау белгілеріне не жатады?

Қудалау белгілері-бұл топ бір адамға қарсы бағытталған кез-келген түрдегі тұрақты қасақана агрессия.

Айқын белгілер:

Мектепке таяқ жеген әлпетте көгерумен келеді

Ол әлімжеттік туралы, оны ренжіту, мазак ету, ұнатпау, қорқыту және т.б. туралы тікелей айтады.

Қудалау кезінде өзін қалай ұстау керек?

Егер де, сіз әлімжеттіктің құрбаны болсаңыз, өзіңізді қалай ұстауыңыз керек? Бірінші қадам - не болып жатқанын түсінуді қолға алу, қарсы топта кімде қандай рөлде екенін ажырата алу.

Екінші қадам-диалогқа шығуға дайын болу...

Үшінші қадам- шешім қабылдау, қолдану күресті жалғастыру немесе кетуді қолға алу.

Егер де, бала қорлау жағдайына тартылса, онда әлімжеттік, Шын мәнінде, бұл баланы қорлау. Моббинг-бұл әріптестің кәсіби ұжымдағы жұмыс орнындағы адамды қудалауы

Жанжал-бұл бір уақытта әрекет ету. Әлімжеттік-бұл қорлау мен азап шегу үшін мақсатты, қайталанатын, тұрақты әрекет. Сонымен, жанжал-бұл топ динамикасының қалыптасуы бөлігі. Әлімжеттік - бұл топтың даму патологиясы.

Жала жабу, қауесек пен қорлаудың таралуы және үлкен аудиторияны тарту жылдамдығы. Қорлауға үлкен көпшілікті тартуға болады. Содан кейін бұл процесті тоқтату мүмкін емес.

Жазасыздық сезімі. Әдетте, қорқақ тақырыптар қудалауға қосылады, олар нақты өмірде оған қол жеткізе алмайды. Бірақ, мысалы, жалған бетті жасау арқылы мұндай адамдар өздерін нағыз батыр, әділетшілік үшін күресушілер сияқты сезінеді.

Күн сайын
таланымды іске
қостым!
Каждый день я
использую свои
таланты!
Every day I use my
talents!

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ НЕ БҰЗАДЫ?



Индирра АБЖАНОВА,
Қызылорда қаласы, Нағима
Ахмадеева атындағы №112 орта
мектеп

Сіздің араласатын ортаңыз қандай? Дос, әріптестің жанында өзіңізді қалай сезінесіз? Көптен көрмеген жақыныңызды көргенде қандай көңіл күйде қарсы аласыз? Жалпы күні бойы қандай көңіл-күйде жүресіз?

Өмірде қызық бір адамға қарасаң жадырап, көңілді, сергек көрінеді. Ал, екінші адам көңілсіз көрінеді. Осы сезімді реттеуге болады ма? Көңілсіздік-өмірдің бір бөлігі. Алайда, ең жақын қарым-қатынасты бұзатын себептер бар, сол туралы құлағар болсаңыз, өмірде аяқты шалыс басудың алдын-алуға болар деп ұсынып отырмын.

1. Жағымсыз сезімде жүру себебі - күні бойы, досыңыз, жан-жарыңыз және әріптесіңіз барін соғыс ретінде қабылдайды. Алғаш кездестірген кезде ұсақ — түйектен ләззат ала алатын, қарым-қатынасты құндылығын түсінетін адам еді. Ал, бір-кездер де, сол кісі жұмысынан айрылды, анасы ауырып қалды осы соққыға қарсы тұра алмады. Нәтижесінде анасы сауығып, жұмыс табылды, бірақ оған оптимистік көзқарасты қайтару, оған ұнайтын нәрсені жасау, әрекет етуді қорлау ретінде қабылдайды.

Егер де, жақын адамыңыз жағымсыз сезім сарайында өмір сүрсе, энергиясы төмен, ішкі жағдайда әлемге деген көзқарасы бұзылған. Оған әсер етіп, ояту үшін қуаныш пен қайғы — қасіретті байланыста ұстауды алмастырудан тұрады. Егер де, жағымсыз сезімді, жағдайды қабылдапты, бойдағы қысымды босатпаса сіз де эмоциялық күйзеліске тап боларыңыз анық.

Жағымсыз сезім себебі серіктестікте құштарлықты жоғалтудың алғашқы



сигналы болып, депрессияның белгісін көрсетеді.

Егер де, серіктес депрессияны сақтағысы келсе, тіпті қарым — қатынасты тұрақтандырады", - дейді сарапшы.

2. Қашықтықтағы қарым-қатынас-жұмсақ түсінісуді тоқтатуы мүмкін. Сіздің күнніңізді қалай өткені алыстағы адамды қызықтырмайды, ашық сұрақ қойылмайды- сіз оған бұрынғыдай қымбатсыз ба? Сіз онымен мәселе туралы ашық сөйлескіңіз келген сайын, ол мұзды үнсіздікпен жауап береді. Ол сізді естімейтін болады.

Қашықтықтағы қатынас жеке тұлға ретінде қызығушылықты жоғалту деп те түсіндіріледі. Адам еркін қарым-қатынас орнатқысы келгенде, онда ортадағы қашықтықты қолға алу, бір-

біріне жиі ба-рып, басынан кызықтырды,соған көңіл бөлген абзал.

"Көбінесе серіктесінен алыстау, оған деген қызығушылықтың толық жоғалуына әкеліп соқтырады, бұл невротикалық қайталану және ата — ананың әсер ету аймағынан шыққан кезде бала кезінде болған дағдарыстың көрінісі болуы да мүмкін.

Джеффри Бернштейн: "серіктес сізден аулақ болуды көрсетуі — пассивті агрессияның бір түрі", — дейді.

3. Сын- серіктесті үнемі сынға алу, қарым-қатынасқа төнетін ең үлкен қауіптің бірі. Сізге жақын адамыңыз риза емес деген сезіммен өмір сүресіз-ол мұны ашық айтады немесе сізді ренжітетін етіп әзілдейді.

Өзара айыптау бір кездері сезіммен құрылған некені толығымен жоюға әкелу де мүмкін. Сіздің жауыңызға қарсы тұрумен қатар онымен татуласуға да дайын болсаңыз, онда сізде үлкен батылдық бар — оны мойындау және қайтадан өзіңізді құрметтеу керек. Бұл ішкі жұмысқа бәрі бірдей дайын емес.

Енді не істеу керек дерсіз? Сізге шындыққа деген көзқараста, үнемі сынға ұшырамай, оқшаулануға деген ұмтылысты тоқтатып, бір-біріңізде бұрын — сонды қымбат болған нәрсені біртіндеп қолға алуды ұсынар едім.

Шынында да, осы себептерді ескерсеңіз, сіз өмірдің қиын жағдайына тетеп беруге дайынсыз, серіктесіңізді шексіз ақтай аласыз, оның басқа да керемет қасиеттері бар екенін дәлелдей аласыз.

ӨЗІҢДІ СЫНАУДЫ ТОҚТАТ



Жулдыз САРЫБАЕВА,
Қостанай орта мектебінің
педагог-психологы,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Сынау өмірде қорқыныштың бір түрі. Сізге біреу сын айтса қабылдай аласыз ба? Жалпы сын не үшін керек? Сіз өзіңізді сынайсыз ба? Сыртқы сынауды біреу қабылдай алады, ал біреу керісінше іштей қорқып, тағы мен туралы жаман айтып қоймасын деп, өзімен өзі шеттетіліп, кері кетеді. Адамның өзін жиі сынауға бейімділігі, жағымсыз сезімге бой алдыратынына хабар береді. Сынау өзіңізге шындыққа жанаспайтын талапты қою арқылы жай ғана ой мен әрекеттің сәйкес келмеуі. Сын көбінесе мотивацияны арттырмай, ұятты тудырады. Өзіңізді ренжіту арқылы сіз жақсара алмайсыз.

Көпшілік адамға өзінен гөрі өзгені жақсы көру оңайырақ. Сіздің өзіңізді кінәлауыңыз, жағымсыз қарым — қатынасты сақтауыңыз, улы затты пайдалануыңыз, бойыңыздағы сенімсіздіктің көрінуі сіздің жетілмеген адам екеніңізді көрсетеді.

Өрине, сіз өзіңіздің барлық кемшілігіңізді білесіз, бірақ өз артықшылығыңызды бағалауды қолға алуға асықпайсыз. Өмірде сын керек. Десек-те сынды екі түрі бар. Алдымен сізге біреу сын айттып жатса асықпай тындауды қолға алған абзал. Бірі жәй қысымсыз көре алмай, тілге тиік етіп сынауы мүмкін. Ал, екіншісі мағыналы сын сіздің қателігіңізді атумен қатар, шығатын жолды да меңзеуі мүмкін. Сондықтан сыртқы сыңға мән берген де жөн. Ал, енді ішкі сыңға келсек, өзіңізді-өзіңіз төмендету: дұрыс жасай алмайсың,

қолыңнан келмейді, бәрібір тыңдата алмайсың және т.б "ішкі сынауды" тоқтатуға көмектесетін жолдарды ұсынып көрейін:

1. **Шынайы деген үмітті реттеу.** Бәрін мінсіз жасау мүмкін емес. Сіз жетістікке жетемін деп үміттеніп жүріп, өзіңізді жоғалтып алуыңыз мүмкін. Қол жетпейтін идеяға емес, прогреске назар аударған абзал.

2. **Күшті қабілетіңізді мойындау.** Перфекционист өзіне соншалықты қатал, көбінесе өзінің жақсы еңбектерін ұмытып кетеді. Сізге бәрін білу қажет емес, бірақ сіз көп нәрсені жасай аласыз.

3. **Бойыңыздағы әлісіз жақты және кемшілікті мойындау.** Өрине, күшті жақпен қоса әр адамның кемшілігі де жеткілікті. Сіз біреуді түзете алмайсыз және оны сол қалпында қабылдау ғана қалады. Ал, басқасын өзіңізбен жұмыс жасау арқылы жоюға болады. Кез-келген ұялу кезінде, менің орнымда басқа адам болса, идеал тұтатын жанды өз орныңызға қойып көріңіз, сол не істер еді, деп көз-алдыңызға елестетіп көріңіз. Ешкім мінсіз емес, деген қағиданы әркез жадыда ұстау.

4. **Сіздің құндылығыңыз табысқа жетелейді.** Егер де, сіз өмірде шынымен не құнды және маңызды екенін дұрыс ойластыратын болсаңыз, онда өміріңіз жоғары, сүйсіспеншілікке толы, қамқор, шығармашылық және еңбекқор бола аласыз, бірақ міндетті түрде сәтті немесе жеңімпаз болу дегенді білдірмейді.



5. **Қателіктен сабақ алу.** Өмірде кездескен мәселені сәтсіздік ретінде емес, өсу және даму, оқу, мүмкіндігі ретінде қарастыруға дайын болу.

6. **Құндылықты өзгенің растауын күтпеу.** Ең алдымен, сіз өзіңізді дұрыс бағалауыңыз маңызды. Егер де, сіздің өзіңізді бағалауыңыз өзге пікіріне тәуелді болса, онда сіз оны өзіңізден биік қоясыз. Өз пікіріңізді дәлелдей алу.

7. **Жағымсыз адамнан аулақ болу.** Егер де, біреу сізге құрметпен қараудан бас тартса, сіз сол адаммен байланысты тоқтатуға құқығыңыз бар. Өзіңізді жоғалтқандай сезінген кезде, зиянды қарым-қатынасты бұзу қиын, Сіз шынымен құрметтеуге лайық адамсыз. "Ішкі" және "сыртқы" сыншымен бір уақытта күресу керек.

8. **Өзіңізге жанашырлықпен қарау және кешіруге үйрену.** Көптеген адам өзінің сәтсіздігі, жеңілісі мен өзіне күмәндануы туралы сөйлескенді ұнатпайды. Өзіне деген жанашырлық-өзін-өзі сынаудың екінші шеті. Өзіңізге жанашыр бола отырып, сіз кемелді екеніңізді мойындайсыз, сонда қолыңыздан келгенін бәрін жасайсыз.

9. **Жағымсыз ішкі диалогты тоқтату.** Әңгімелер машинада өтеді және сіздің психикаңызға терең енеді. Өзіңізден сұраның: бұл рас па? Дәлел қайда? Сіз бұған шынымен сенесіз бе, әлде сіздің ішкі дауысыңыз басқа адамның сөзін қайталайды ма? Сіз жеке тәжірибеңіз бен құндылық негізінде өзіңіз туралы өз идеяңызды жасай аласыз.

Сіз өзгенің гөрі өзіңізге жақсы қарым-қатынасқа лайықсыз. Өзіңізге мейірімді бола отырып, сіз психологиялық тұрғыдан қауіпсіз боласыз және басқамен қарым-қатынасыңызды жақсарты аласыз.

ПРОСТИТЬ — НЕ ЗНАЧИТ ЗАБЫТЬ

А когда нас кто-то обижает, мы начинаем держать обиду в своем сердце. Вынимаем её ночью, прокручиваем в голове сцены, как вы наказываете обидчика.

И когда нам говорят простить и забыть, мы чувствуем, что должны просто закрыть глаза на то, что с нами сделали, и продолжать жить так, как будто ничего не произошло.

Но это не так. Начнем с того, что люди делятся на 2 категории: те, кто действительно хотел вас обидеть, и те, кто сделал это случайно, кто не хотел, чтобы вы себя так чувствовали.

Простить - не значит забыть и продолжать дружить. Простить это отпустить груз обиды, сделать выводы о человеке, но не забыть. Нельзя позволять людям влиять на вашу жизнь. Не нужно плакать в подушку по ночам. А если вы отпустите и вам больше не нужно будет держать обиду в себе, то рано или поздно она забудется сама собой, и этот человек потеряет над вами контроль.

Предлагаю сделать 2 практики. Первая практика: Просто представьте себе обидчика, скажите ему вслух всё, что вы о нем думаете, скажите ему, как плохо вы себя чувствуете, как это влияет на вас, и пусть обиды уйдет. Пожелайте человеку всего наилучшего, поймите, как вы поступите в следующий раз в подобной ситуации. Но не держите в себе этот негатив — он не стоит испорченной жизни.

Обида отнимает у нас много энергии и счастливые моменты, тихие ночи и дает только неуверенность в себе.

Вторая практика: Закройте глаза и представьте стул. На нём сидит человек. А теперь начинайте говорить всё, что вы думаете об этом человеке, рассказывать о своей боли. Вы не поверите, но эта практика настолько мощная, что вскоре вы можете заплакать или, наоборот, пнуть ногой стул, кричать...

Позвольте обидчику ответить, возможно он расскажет вам о причинах своего поступка. Поговорите с ним.

Заканчивайте, когда почувствуете облегчение. И оно обязательно придет. При необходимости повторите упражнение.

Постарайтесь проработать все ваши обиды на людей и ваша жизнь изменится.

В следующий раз, когда вы не захотите отпустить негатив, подумайте:

Что даст мне это чувство? Улучшатся ли отношения? Станет ли моя жизнь ярче и радостнее? Станет ли мой путь более духовным? Принесет ли это мне хоть какое-то развитие? Если вы не можете самостоятельно справиться с накопившимися обидами, то вам стоит обратиться к специалисту, который может стать уверенным человеком и отпустить прошлое, которое мешает идти дальше.

Мяч еще продолжал лететь в окно кабинета директора, а дети уже начали играть в прятки.

Миллионер мектебі

ӨЗІҢДІ КӨРСЕТ

«ТАЛДЫ ЖЕМІСІНЕН АЙЫРУҒА БОЛАДЫ
ДЕП ОЙЛАЙМЫЗ, ШЫН МӘНІНДЕ ТАЛДЫ ТАЛ ЕТПІ
КӨРСЕТЕТІН ОНЫҢ ҰРЫҒЫ»



Нұрболат САҒЫНДЫҚОВ,
"Ән-Нұр-Фат"
корпорациясының
директоры



Табыс табудың биік тау сияқты шыңы бар. Таудың шыңына апаратын бірнеше жол болады. Сол жолды табуда әр түрлі жолға тап боласыз. Ол үшін ішкі және сыртқы ізденіс қажет.

Сізді мол табыс көзін табудың түрлі моделімен таныстырамыз. Қазір сізге мақсатқа жетіп, мол табыс табу үшін осы 4 бағытты біріктіру керек екенін ұғыныңыз.

Өзіңізді Қаржы Университетіне түстім деп көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Осы төрт шынның қайсысы сіздің «басты» бағытыңыз, ал қайсысы «жанама» болар еді? Қай шың сізді көбірек ойландырды? Қайсысы қорқытады? 5 жылға болашаққа өтіп кетіп (2027ж) қалай байығаныңыз туралы айтып жатқаныңызды елестетіңізші. Мынадай сөз тіркестерін қолдансаңыз

болады:
«Мен мол табысты қозғалмайтын мүлікпен айналысу арқылы таптым»
«Мен мол табысты сауда қорымен айналысу арқылы таптым»
«Мен мол табысты кәсіппен айналысу арқылы таптым»
«Мен мол табысты интернет арқылы таптым»
Осы сөз тіркесінің қайсысы сіз үшін дұрыс деп ойлайсыз?
Бірнеше мәрте айтып көріңіз. Қай сөйлем сіздің ішкі мүмкіндігіңізге жақын. Мол табыс тауына апарар жол – ұзын және қысқа болып келеді. Алдымен ұзын жолын әңгімелейік. Ол қарапайым және өте қауіпсіз жол.

